Егемен Қазақстан

Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады • www.egemen.kz

№130 (28354)
4 ШІЛДЕ
ЖҰМА
2014 ЖЫЛ

ISSN 1999-9720

Бүгінгі нөмірде:

Мәдениеттің мәнді мәйегі 4-бет

Астананың алтын алқасы: «Астана Опера» 5-бет

Елдік идеялар мекені 7-бет

Ақиқатқа айналған арман 8-бет

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ НЫСАНДАРЫ

белгіленген мерзімінде әрі сапалы салынып бітуі тиіс

Кеше Президент Нұрсұлтан Назарбаев Астана қаласының жаңа нысандарын көру барысында «Астана ЭКСПО-2017» көрме кешенінің құрылысымен танысты.

Динара БІТІКОВА,
«Егемен Қазақстан».

Елбасы барады деген соң, құрылыс басына әдеттегідей журналистер де жиналдық. Ол жерде қазақстандық қана емес, кәдімгі халықаралық ірі шаралардағыдай шетелдік журналистердің қарасы да көп екен. Әрине, бұл төрткүл дүние көз тіккен халықаралық көрме емес пе, еліміздің дайындығын білмекке бәрінің де ынтасы зор. Әлбетте, ЭКСПО-ға әзірлігімізді әлемге таратпаққа асық.

Біз барғанда күннің аздап жаңбырлы болғанына қарамастан, құрылыс басы абыр-сабыр, қызу жұмыс жүріп жатты. Құрылысшылар көрмекке келгендерді де кедергі көрер емес, өзіне берілген міндетін мінсіз орындауға ұмтылып, бар ынтасымен жұмысқа кіріскен. Себебі, олардың алдында ел жүктеген үлкен жауапкершілік, Елбасы міндеттеген тиісті тапсырма тұр.

Тарсыл-гүрсіл дыбыс, түрлі техника тықылы... Кейбірінің қабырғасы қылтиған құрылыс нысандары, одан қалды қазыққа қамдалған теп-тегіс жер, жаңбырға жіпсіген лайлы топырақ... Әрине, енді үш жылдан соң ғана дәл осы жер жарқыраған ғажайып қалашыққа айналатынына біреу сенсе, біреу сенбес. Себебі, тақыр жерден қала тұрғызу әсте оңай шаруа ма?! Алайда, ол мүмкін нәрсе. Оған бүгінгі ажары айшықты жаңа Астана айғақ. Осыдан 10-15 жыл бұрын ғана бос жатқан сол жағалауға қазіргі әсем Астана аспаннан түсе қалған жоқ, әрине! Оған еліміз күш-қуатының, әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің жететіні күмәнсіз. Бұған кеше Елбасына «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының басшысы Талғат Ермегияевтің берген есебі де дәлел болатындай.

Сонымен, Мемлекет басшысы «Астана ЭКСПО-2017» көрме кешенінің салыну барысын көріп шыққан соң, құрылыс барысына арнайы салынған мәжіліс залы, баспасөз орталығына келіп, құрылысты жүргізіп жатқан компания басшылары, мемлекеттік органдардың өкілдері, жалпы «Астана ЭКСПО-2017» көрме кешенінің құрылысына қатысты барлық жауапты тұлғаларды жинап, мәжіліс өткізді. Құрылыстың жай-жапсары жайында есептерін тыңдады. Нысандардың электронды нұсқадағы нобайларын көріп, кешеннің келешектегі келбетін келісті етуге ақылдасты.

(Соны 2-бетте).

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ДӘУІР ТУДЫРҒАН ЕЛБАСЫ

«БҰҰ-ның бұрынғы қызметкері ретінде айтарым...» – Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев сұхбат кезінде біздің кезекті сұрағымызға жауабын осылай бастады. Сол бір ауыз сөзінде Тоқаевтың бойындағы бүкіл қасиет тұнып тұрғандай көрінеді. Күні кешеге дейін әлемдік саясат иерархиясында ең жоғары лауазымдардың бірінде болған – Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің Бас директоры, Қарусыздану жөніндегі конференцияның Бас хатшысы қызметін атқарған адамның осылай сөйлеуі үшін оның шынайы сыпайылығы қажет екені анық.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген жылдар бойы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметінде жүріп Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың талай мемлекеттер басшыларымен кездескеніне, келіссөздер жүргізгеніне куә болған, ал БҰҰ Бас хатшысының орынбасары ретінде саясатқа планеталық ауқымда қарауға, Елбасымызды әлемнің белді елдерінің басшыларымен салыстыра қарауға мүмкіндік алған.

Біз Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТАН газетімізге сұхбат беруін сұраған едік.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Биыл Астана күні өзіндік бір мерейтоймен тұстас келіп отыр – осыдан дәл жиырма жыл бұрын Президенттің ұсынысы бойынша астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру жөніндегі тарихи шешім қабылданған болатын. Менің алғашқы сұрағым мынандай: сергелдені мол сол бір кезеңде Елбасын осындайлық өжет шаруаны қолға алуға итермелеген қандай күш деп ойлайсыз?

– Сіздің пушкинистикамен жүйелі түрде айналысатыныңызды, осы тақырыпта бірнеше кітап шығарғаныңызды білетін адам ретінде сұрағыңызға ұлы ақынның «Самодержавною рукой он смело сеял просвещенье, не презирал страны родной: он знал ее предназначенье!» деген жолдарымен жауап бергім келеді. Пушкин Ұлы Петр туралы осылай жазған еді ғой. Біздің мемлекетіміз үшін Президентіміздің не істегенін дәл осылайша айқындай аламыз. Ол өз елінің мақсат-мұратын жақсы біледі.

Нағыз стратегтің қатардағы саясаткерден айырмашылығы – көзқарасының кеңдігінде.

Иә, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев астананы Ақмолаға ауыстыру жөніндегі жоспарын сонау 1994 жылдың өзінде жария еткен еді. 6 шілдеде Президент жаңа мемлекеттің жаңа астанасын салу, оны елдің қақ төріне орнату жөніндегі көкірегінде аялаған арманымен бөліскен болатын. Қоғам бұл шешімді естігенде асып-сасып қалды, бұған күдік-күмәнмен қарады, тіпті қарсылық та білдірді. Парламенттегі шешім жақтаған дауыстардың көпшілігімен қабылдана тұрса да, жұрттың бәрі бірдей, соның ішінде Президенттің серіктестері де бар, Нұрсұлтан Әбішұлы ұсынған идеяның шын ұлылығын түсіне қойған жоқ. Алайда, көп уақыт өтпей-ақ Президенттің басқалардан алысқа қарайтын, басқалардан көбірек көретін мемлекеттік қайраткер екендігі танылды.

Ол бақуатты өмір сүретін елді, өз азаматтарына ең жақсы мүмкіндіктер жасайтын мемлекетті, бүкіл әлемдік қоғамдастық құрметпен қарайтын, сенім көрсететін туған Қазақстанын армандаған еді. Ондай елге біз қазірдің өзінде қол жеткізіп отырмыз. Біз қазір Елбасына шын мәнінде ұлттық идеяға айналған осынау ауқымды геосаяси жобаны жүзеге асырғаны үшін алғыс айтамыз.

Мемлекетіміздің жүрегі нақ Астанада соғып тұр, Қазақстанға және бүкіл әлемге қатысты тағдырлық шешімдер нақ Астанада қабылданады.

Біздің елордамыз небәрі 15 жылдың ішінде әлемге танымал халықаралық орталық мәртебесіне ие болды.

Астанада халықаралық биік деңгейдегі аса маңызды іс-шаралар өткізілді. Тәуелсіздік сарайының бірегей ғимаратында ЕҚЫҰ-ның тарихи саммиті өтті, сол жерде жақында Еуразиялық Экономикалық Одақ құру жөніндегі Шартқа қол қойылды, Астанада ТМД-ның, ШЫҰ-ның, ЕурАзЭҚ-тың, Ислам ынтымақтастығы ұйымының жоғары деңгейдегі кездесулері, діни саммиттер, ЕҚЫҰ-ның парламенттік форумдары, БҰҰ аясындағы конференция, дағдарысқа қарсы жиындар болды, енді үш жылдан кейін «ЭКСПО-2017» көрмесі ұйымдастырылады. Ғажайып «Астана-Опера» театрында әлем мәдениетінің жұлдыздары өнер көрсетеді.

Астанада әлемде жоқ әсем ғимараттар салынып жатыр. Мұның бәріне бүгінгі Қазақстанның қаржылық қуатының арқасында қол жетуде. Қазіргідей дағдарыс жағдайында бірде-бір мемлекет мұндай алып құрылысты қолға ала алмай отыр.

Астананы әлемдік қоғамдастық серпінді дамып келе жатқан қазақ мемлекетінің елордасы деп таниды. Қала ұлттық идеяның жүзеге асқан көрінісіне айналды.

– 27 маусымда, Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні қарсаңында мен «Шалқар» радиосынан тікелей эфирде сөйлеген едім. Хабар кезінде бір тыңдаушы Президент туралы мақалалар мен көрсетілімдер көптеу емес пе деген күмәнін білдірді. Сіз бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Иә, Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы қазір мақалалар мен кітаптар жазылуда, оған жырлар арналуда, ол туралы фильмдер түсірілуде. Осыған орай мұның бәрі насихаттық науқан емес пе деген сұрақ туындауы да мүмкін.

(Соны 3-бетте).

Қорғаныс кадрларына – қанатты қамқорлық

Кеше Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық қорғаныс университетінің жаңа ғимаратының ресми ашылу салтанатына қатысты. Уақыт талабына сай салынып, соңғы үлгіде жабдықталған университеттің жаңа ғимараттары Астана салтанатын арттыра түсері анық.

Нұрбай ЕЛМҰРАТОВ,
«Егемен Қазақстан».

Елбасын аталған оқу ордасында Қорғаныс министрі Серік Ахметов пен елорданың әкімі Иманғали Тасмағамбетов күтіп алып, университеттің аумағымен және еңселі ғимаратымен таныстырды. Көңіл қуантары – әскери жоғары білім ошағының сырт коршауында да, салтанатты ғимараттың ішкі қабырғаларында да ұлттық нышандар, қазақы өрнектер көз тартады. Президенттің де көңілін демдеген мемлекеттің ұлттық белгілері болар. Мемлекет басшысы ғимараттың әр тұсына зер салып, зейін қойып қарады. Жоғары әскери білім ордасының ұстаздарымен, шәкірттерімен кездескен Елбасы университеттің ұлттық қорғаныстағы маңызы туралы айтты. Елімізде бұрын-соңды болмаған мұндай әскери оқу ордасының заманауи жабдықталған ғимаратының пайдалануға берілуімен сардарларды салтанатты түрде құттықтады. Мұнда жоғары білікті әскери кәсіпқойларды даярлайтын орталық құрылуы тиіс екенін атап көрсетті.

– Бұл жерде зерек, әскери ғылымды білетін және тілдерді меңгерген, білімді офицерлер тәрбиеленуі керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Сонымен қатар, Қорғаныс университетінің жаңа ғимараты әскери ғылымның ең заманауи талаптарына сай келетінін айтып өтті.

– Мұнда зертханалар жұмыс істеп, ғылыми зерттеулер мен әзірленімдер жүргізіледі, докторанттар даярланып, диссертациялар қорғалатын болады. Ең үздік әлемдік тәжірибелерді оқыту үшін университет оқытушыларды Ресейден және басқа елдерден шақырады, – деді Елбасы. Мемлекет басшысы университеттің әскери мамандарды оқыту мен даярлау жөніндегі нақты жоспары жасалуда екеніне назар аударды.

(Соны 2-бетте).

Суреттерді түсіргендер
С.БОНДАРЕНКО, Б.ОТАРБАЕВ.

«Астана Опера» театрында болды

Мемлекет басшысы «Дон Кихот» балетін тамашалады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Әйгілі хореограф Рудольф Нуриевтің өндеуіндегі бұл балетті әйгілі «Ла Скала» театры қойды.

«Дон Кихот» балетіне Милан театрының 100-ден аса адамнан құралған шығармашылық ұжымы қатысты.

Жұмыс бабындағы отырыс

Кеше Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі Хатшылығының XIII отырысына және V съезге әзірлік жөнінде жұмыс бабындағы отырыс болды, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының баспасөз қызметі.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалық етуімен 2014 жылғы 14 қыркүйекте Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының XIII отырысына әзірлік жөніндегі жұмыс бабындағы кеңес болды.

Сенат Төрағасы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастамашысы болып табылатын діни форумның ерекше маңызын атап өтті.

Хатшылық отырысы 2015 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының V съезін өткізудегі маңызды дайындық кезеңі болады. Осыған байланысты Қ.Тоқаев осы маңызды форумның тұжырымдамалық, идеологиялық және саяси мәселелері жөніндегі өз ойларын ортаға салып, тиісті тапсырмалар берді.

● *Әлем және Қазақстан*

БҰҰ Бас хатшысы қазақстандықтардың өнерін тамашалады

Айқын НЕСІПБАЙ,
«Егемен Қазақстан» – Вашингтоннан (АҚШ).

Бұдан бұрын хабарланғанындай, Нью-Йоркте басталған Қазақстанның Америка Құрама Штаттарындағы мәдениет күндері бұрнағы күні Вашингтонның атақты Кеннеди орталық концерт залында жалғасты. Әуелі алдында аталған шаһарда ашылған еліміз өнер шеберлерінің концерттік бағдарламасын тамашалауға БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунмен бірге осынау халықаралық ұйымның өкілдері қатысуын айтуға болады. ТМД елдері арасынан үлкен құрамда бір елдің өнері жан-жақты таныстырылуы сирек екен.

Вашингтонның төріндегі ең мәртебелі өнер шаңырағындағы концерт сәтті өтті.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

А.Ж.Күреңбековті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы қызметіне тағайындау туралы

Амантай Жанкеұлы Күреңбеков Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2014 жылғы 3 шілде. №855

Тағайындау

Мемлекет басшысының Өкімімен Әнуар Төлеуханұлы Садықұлов Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Арыстан» қызметінің бастығы қызметіне тағайындалды.

Хроника

Мемлекет басшысының Жарлығымен Әнуар Төлеуханұлы Садықұлов басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы қызметінен босатылды.

* * *

Мемлекет басшысының Өкімімен Амантай Жанкеұлы Күреңбеков басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің орынбасары қызметінен босатылды.

ДӘУІР ТУДЫРҒАН ЕЛБАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Менің ойымша, біз фактілерге сүйене отырып, біздің елімізге дос көзімен қарай қоймайтындардың тарапынан ауық-ауық таратылып, істің мән-жайынан хабарсыз, аңғырт адамдар іліп алып кетіп жататын күдік-күмәндарға орай орнықты, ойлы жауап қайтаруымыз керек.

Бүгінгі күннің биігінен қарағанда, Қазақстан табысты реформалардың, тұрлаулы дамудың жолына түскен ел ретінде бүкіл әлемге танымал болып тұрған кезде кейбір кісілерге, әсіресе, жас буын өкілдеріне қол жеткен табыстар өзінен өзі келіп жатқандай, бәрі осылай болуға тиістей көрінуі мүмкін.

Алайда, мына біз, мемлекетті құрудың қатысушылары мен куәгерлері, олай емес екендігін білеміз ғой.

Белді саясаткерлер, арасында Горбачев та бар, белгілі сарапшылар, мысалы, Бжезинский сияқтылар кезінде Қазақстанның келешегін күңгірт етіп көрсеткен болатын. Күрделі ішкі саяси, экономикалық, демографиялық жағдайлары, шекарасының заңды тұрғыдан бекітілмегені бұрынғы одақтық республикаға шынайы тәуелсіздікке қол жеткізуге, әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік бермейді-міс десіп жатты.

Бірақ олар 90-шы жылдардың басында Мемлекет құрушының тар жол, тайғақ кешуіне түскен Нұрсұлтан Назарбаевтың өзекті рөлін ескермеген еді.

Жаңа Қазақстанды құрудың бүкіл жауапкершілігін Елбасы өз мойнына жүктеді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі тартысты кернеуге толы сол бір күндерде, экономика толықтай күйреп, кәсіпорындар тоқтап, ереуілдер біріне бірі жалғасып жатқан кезде, дүкендердің сөрелері тып-типыл болып, инфляция 3 мың пайыздық деңгейден асып кеткен шақта халықтың арасында торығушылық, дүрбелеңге түсушілік күшейді, талайларға мемлекеттің тәуелсіздігі деген әншейін әдемі сөз күйінде қалатындай көрінді.

Сол сын сағатта реформалар бойынша қиын шешімдер қабылдағанда Президенттің нендей күйді кешкенін оны өзі ғана біледі.

– Сіздің Назарбаев феноменін пайымдауыңыз маған өте ұнайды, бір мақаламда ол сөзіңізге сілтеме де жасағанмын. 2005 жылғы 15 шілдеде «Казахстанская правда»да «Алған бағытқа адалдық» деген мақала жарияладыңыз, сонда: «Нұрсұлтан Назарбаевтың феномені дүниенің екі қиырының – Еуропа мен Азияның, әлемнің екі өркениетінің – Шығыс пен Батыс өркениеттерінің, екі саяси жүйенің – тоталитаризм мен демократияның түйіскен, тоғысқан тұсында пайда болған», деп жазғансыз. Қазақстан Президентінің бұл артықшылықтарын сіз қалай жіктеп айтар едіңіз?

– Нұрсұлтан Назарбаев өз саясатында еуропалық реформашылдықты, прагматизм мен демократиялық рәсімдерге бейімдікті де, сондай-ақ қоғам өмірінің негіздеріне арқау сүйейтін азиялық дәстүршілдікті де қатар үйлестіре білген деген сөзімді тағы да айта аламын. Осылайша, Назарбаев іс жүзінде әлемдік саясаткердің жаңа үлгісінің жиынтық бейнесіне айналды, ол өз қызметі арқылы елдер мен халықтарды, мәдениеттер мен менталитеттерді жақындастырып келеді. Қазіргідей күрделі кезде, ең беделді деген философтардың, ойшылдардың өзі өркениеттер қақтығысы жөнінде ой топшылауларын ортаға салып жатқан шақта тек Қазақстан Президенті ғана әртүрлі дін өкілдерін бір үстелдің басына отырғызып, бұған дейін әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының төрт съезін өткізе алды. Мұндай шаруа тек әлемдік тарихтың ірі тұлғаларының ғана қолынан келеді, біздің Президентіміз міне осындай тұлға. Осы жылдардың бәрінде ел тұтқасын Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұстамағанда біздің мемлекетіміз дәл мұндай табысты бола алмас еді дегенді қәміл сеніммен айтамын. Барлық істе де, саясатта да, экономикада да ол барша өзгерістердің қуат берушісі де, кепілдік етушісі де болып келді, солай болып та отыр. Тағы да айтамын: қайта туғандай түлеп, мемлекеттердің әлемдік қоғамдастығынан өз орнын ойып тұрып алған төлтума ұлт ретінде біз, қазақстандықтар, барша жетістіктеріміз үшін ең алдымен өзіміздің Президентімізге қарыздармыз. Қазақ мемлекеттілігінің қайта өрлеуінде Нұрсұлтан Назарбаевтың орны аса көрнекті екендігі талас тудырмайды.

Мемлекет басшысының жаһандық ауқымдағы жалпыұлттық лидер екендігі – Қазақстанның баянды бағы. Өзіңіз қараңызшы, халқы өзінің қатарынан күшті жетекші шығара алмай-ақ қойған елдерде не болып жатқанын көріп отырсыз ғой, ол елдер қақтығыстардың, революциялардың, тіпті, соғыстардың сойқанына сүрлігіп, халықаралық қауіпсіздікке кәдімгідей қауіп төндіріп келеді.

– Өткен жылы экранға «Елбасы жолы» фильмі шықты. Елбасының өмір жолының ерекшелігін сіз қалай сипаттар едіңіз?

– Бір сөзбен айтар болсам, Елбасы жолы ең алдымен еңсеру жолы дер едім. Бұлай дегенде мен өткен заманның кеңбалақ жүрісі мен қасаң қалыптарын еңсеруді, бұған дейін ешқашан нарық экономикасы жағдайында өмір сүріп көрмеген тұрғындардың және мемлекеттік аппараттың кеңестік кезеңнің күпісін үстінен тастай қоймаған бөлігінің сенімсіздікпен қарауын еңсеруді айтар едім. Алайда, Президенттің батылдығы мен ерік-жігерінің арқасында реформалардың тетігі іске қосылып кетті де, олар бірте-бірте тоқтамауға айналды, сөйтіп, демократиялық қоғам құрудың негізі болды.

Тәуелсіз Қазақстанды құрудың бастауында тұрған Президент өзін қуатты тұлға, бірегей реформатор ретінде таныта білді. Ол экономиканың бәрінен де маңызды екенін артық сөзсіз-ақ, саясаттышылдыққа салынбай-ақ мәлімдеді. Оған шетелдегілер назар аударды, Джордж Буш, Маргарет Тэтчер, Франсуа Миттеран тыңғылықты әңгімелескеннен кейін оған сол кезеңдегі саяси кеңістіктің ең келешегі кемел жетекшісі ретінде өте жоғары баға берді. Мұнда Президенттің кісілік қасиеттері, оның жан-жақты тұлғасы да үлкен рөл атқарды. Маргарет Тэтчер оны 90-шы жылдардың басында алғаш көргенде «Мен бұрын-соңды кездестірген ер азаматтардың ішіндегі ең бір тартымдысы» деген болатын. «Темір ледиі» сол кездің өзінде-ақ Қазақстан көшбасшысын лайықты бағалап, оның көп ұзамай әлемдік элитаға қосылатынын болжаған еді.

– Бұл қасиеттерге, тегінде, Нұрсұлтан Әбішұлының тамаша юморын да қосуға болатын шығар. Сіздің «Ол тарихты жасайды» деген кітабыңыздан мына бір үзіндіні келтірейінші. Былай деп жазғансыз: «Н.Назарбаев пен НАТО-ның бас хатшысы, ағылшын Джордж Робертсонның арасында өзара сенімді жеке қарым-қатынас орнаған еді. Оныменен «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» аясындағы ынтымақтастық және Орталық Азия өңіріндегі ахуал мәселелері бойынша тұрақты түрде телефонмен сөйлесіп тұру орнысқанды. Біздің елге бір келгенінде Робертсон сөз арасында өзінің отбасындағы ер кісілердің бәрі, соның ішінде әкесі, ағалары мен інілері түгел полицей болғанын, тек өзі ғана өмірдің басқа соқпағына түскенін айтты. «Ақ қойлар отарындағы қара қоймын мен», деді ол өзі жайында. Солай екен, Президент өзіне тән мәнермен жұлып алғандай етіп: «Оған қапаланбай-ақ қойыңыз, оның есесіне сіз әлемдік жандарм болдыңыз ғой», деп салды. Көптеген британдықтар сияқты Робертсон әдемі әзілді түсінеді, содан да, ішек-сілесі қата күлді. «Әлемдік жандармға» теңеу НАТО бас хатшысының жанына әбден жаққаны көрініп тұрды»...

– Ондай мысалдар жеткілікті. Адамды тартып тұратын қасиеті бар тұлға ретінде ол әртүрлі кісілермен тіл табыса алады. Отыз жылға жуық уақыттан бері тікелей танитын (алғаш рет Нұрсұлтан Әбішұлын 1985 жылы, Бейжіндегі елшіліктің қызметкері кезімде көріп, жанында болғанмын, ол кезде республика Министрлер Кеңесінің төрағасы ретінде кеңестік делегацияның құрамында болған еді), жиырма жылдан астам уақыттан бері Президенттің қалай жұмыс істейтінін жақыннан көріп жүрген адам ретінде мен Елбасының сирек кездесетін еңбеккорлығына таңданудан танар емеспін. Президент адамдармен емен-жарқын араласып-құраласады, оның әңгімелесіп отырған адамын есті де, тыңдай да білетіндігі даналығын көрсетеді.

– Нұрсұлтан Әбішұлының білген сайын біле түсуге құштарлығын да айрықша айтқан жөн. Бұл ойыма мынандай бір мысал келтірейін. 2010 жылы Президент Оңтүстік Кореяға сапар жасады. Қайтар күні тақертең журналистерге Президент лайнерінің ұшуы біраз уақытқа кешігетіні айтылды. Сөйтсек, соның алдындағы кештегі әңгіме барысында Нұрсұлтан Әбішұлы Тәчжон қаласында академиялық қалашық табысты жұмыс істейді дегенді естіпті де, елге қайтар алдында сол қалашықпен танысып қайтуға бекіпті. Әлгі Тәчжон Сеулден 250 шақырым жерде екен... Нұрсұлтан Әбішұлы сағатына 300 шақырым жылдамдықпен заулайтын электр пойызына отырып, әрі-бері жолға 2 сағат, академиялық қалашықпен танысуға 1 сағат жұмсап, бас-аяғы 3 сағатта Сеулге қайтып келді. Бұл жайында менің «Қашаған құрықтаған Қазақстан» деген кітабымда жазылған, ол кітаптың сіздің алғысөзінізбен шыққанын мақтан етемін.

– Иә, Президенттің жұмыс істеу қабілеті қайран қалдырады, ол кісі әр проблеманың ұңғыл-шұңғылына бойламай қоймайды. Тағы бір қасиеті – көп оқитындығы, саяси және экономикалық әдебиетті былай қойғанда, тарих мәселелерінен жақсы хабардар, әлемдік классиканы, отандық әдебиетті тамаша біледі. Шынымды айтсам, баспасөзде Президенттің әдебиетшілерге жаңа кітаптарына байланысты хат жазғаны жайында ақпарат жарияланған сайын аң-таң боламын. Бұл арада Елбасының дархан жүректілігі де көрінеді, өйткені, Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің жылы сөзі қалам шеберлерінің шабытын шалқытатынын да ескереді.

– Ресейде және Батыстағы елдерде кезінде кеңес мемлекетін күйреуден сақтап қалу, оны даму арнасына түсіру тек Нұрсұлтан Назарбаевтың ғана қолынан келер еді деген пікір кеңінен орныққан. Ол кезде Нұрсұлтан Назарбаев Кеңес Одағындағы ең беделді жетекші болатын. Сіз қалай ойлайсыз, Нұрсұлтан Әбішұлы сол тұста КСРО вице-президенті лауазымынан неге бас тартты?

– Бұл әңгіменің жай-жапсары жақсы белгілі. КСРО президенті өзіне орынбасар етіп халықтың билікке деген шатқаяқтай бастаған сенімін қайта қалпына келтіруге қабілетті адамды алғысы келді. Нұрсұлтан Әбішұлы бір жолы бұл жайында: «Горбачев мені президенттің сәндік бетперде үшін ұстайтын орынбасары еткісі келді. Мен онысына келісе қоймадым. Өзімнің жоспарым бойынша барлық республикалармен тығыз, қауырт жұмыс жүргізуім керек еді», деп ашық айтқаны бар. Одан кейін Қазақстан басшысына елдің Премьер-министрінің лауазымын ұсынғылары келді. Алайда, бұл жоспарды бүлікшілер бұзып жіберді. Саяси әдебиетте Горбачев, Ельцин мен Назарбаев қатысып, КСРО-ның жаңаша мемлекеттік құрылымын талқылаған құпия әңгімені Ұлттық қауіпсіздік комитеті тыңдап қойғаны жайында көп жазылған, бұл жағдай белгілі бір дәрежеде ГКЧП-ны құруға қозғау салған. Біз Нұрсұлтан Әбішұлының өз ығына нақ Қазақстан лидерінің жүгін артқаны, сөйтіп, оны Орталық Азия өңіріндегі өзекті елге, маңызды халықаралық ойыншыға айналдырғаны үшін Тағдырға тәубе деуіміз керек. Үш республиканың басшылары оңаша жиналып алып, елді бөлшектеу жоспарын талқылағалы жатқан Беловежьеге барудан үзілді-кесілді бас тартуында да біздің Президентіміздің мықты мінезділігі мен саяси көрегендігі танылып тұр.

– Сіздің ойыңызша, Президент Назарбаевтың жетекшілігімен жүзеге асырылған реформалардың табысты болуының сыры неде?

– Бүкіл әлемде үдемелі дамудың қазақстандық моделі деп аталатын феноменнің негізгі құрамдас белгілері – Президенттің күшті саяси ерік-жігері, оның қай мәселені де стратегиялық тұрғыдан ойластыра білуі және өзінің туған халқына нық сенімі.

Экономикалық күйзелістің, әлемдік қаржы дағдарыстарының ең бір қиын жылдарында, талайлар еліміз жардың жағасына жақын қалғандай көрген кезде Нұрсұлтан Әбішұлы өзін нағыз Лидер ретінде таныта алды. 1998 жылы Азиядағы қаржы дағдарысы буып тұрған кезде оның: «Қазақстан ешқашан да құламайды, жұмыс істеу керек, сонда табысқа міндетті түрде жетеміз», деген болашақты берік болжаған сөзі бәріміздің есімізде.

Өзінің мемлекеттілігін құруға кіріскенде Қазақстанның жағдайы бұрынғы одақтас республикалардың көбімен салыстырғанда әлдеқайда нашар еді, сөйтсе де экономикалық тұрғыдан ілгері басқан, саяси тұрғыдан тұрақты ел дәл біздің ел болып шықты. ТМД-ның көптеген елдері революциялардың, соғыстардың, тоқыраудың, кері кетудің бейберекеттік батпаға батты.

Президент Назарбаевтың реформалары шетелдерде ойластырылған ұзақ мерзімді стратегияның негізінде әміршіл-әкімшіл жүйеден ашық экономикаға жылдам өту жағдайында табысты мемлекет құрудың өзіндік бір оқу құралы сияқты зерттеледі. Әлемде Нұрсұлтан Әбішұлын аса көрнекті реформатор деп атайды. Кеңестен кейінгі елдердің бірде бір басшысы мұндай бағаға ие болған емес.

– Біздің сыртқы саясат ведомствосын – Сыртқы істер министрлігін талай жылдар бойы басқарған адам ретінде сізге Президенттің дипломатиялық қыры туралы сұрақ қоймай тұра алмаймын. Ең алдымен Қазақстанның шектес елдермен мемлекеттік шекарасын халықаралық-құқықтық тұрғыдан бекітуге қол жеткізудегі Елбасымыздың еңбегі жөнінде сұрағым келеді.

– Ұзындығы 13 мың шақырымнан артық мемлекеттік шекараны делимитациялау мен демаркациялау – Елбасымыздың стратегиялық тұрғыдан ойлау қасиетінің тағы бір дәлелі. Шекараның халықаралық-құқықтық тұрғыдан ресімделуі және Қытаймен, Ресеймен, Өзбекстанмен және басқа да көршілес елдермен шарттарға қол қойылуы әлемдегі қазіргі жағдайды ескере келгенде жер көлемі бойынша дүние жүзіндегі тоғызыншы орында тұрған біздің мемлекетіміздің аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігі тұрғысынан ерекше маңызға ие.

Қазақстанның әкімшілік шекарасы тәуелсіздікке қол жеткізілгенге дейін нақпа-нақ заңды түрде бекітілмегені белгілі. Негізінде, заңды бекітілген шекара – халықаралық құқықтың басты екі қағидатының – шекаралардың бұлжымастығы мен мемлекеттің аумақтық тұтастығы қағидаттарын сақтаудың кепілдігі. Тәуелсіздік алғаннан кейін-ақ Президент дипломатиялық қызметтің алдына стратегиялық тұрғыдан маңызды міндетті – шектес мемлекеттердің бәрімен шекаралық шептерді анықтап, құжаттау міндетін қойды. Нұрсұлтан Әбішұлы бұл міндетті қойып қана қойған жоқ, бұл жұмысты өзі басқарды, әрбір детальға мән беріп, жоғары деңгейдегі келіссөздер кезінде табандылық танытты, әр мәселе бойынша біздің көзқарасымызды сенімді түрде негіздеп отырды. Шекараны делимитациялау ісінің аяқталуының Қазақстан үшін маңызына сөз жетпейді. Экономикалық деңгейі мен даму серпіні бойынша әркилы елдермен аумақтық мәселе дау-дамайсыз шешілді, шекаралық шептеріміздің барлық бағыттары бойынша қауіпсіздігінің халықаралық-құқықтық кепілдіктері қамтамасыз етілді.

Сыртқы саясат – толықтай Мемлекет басшысының құзыретіндегі іс. Президенттің бұл салаға жасаған қамқорлығының арқасында тәуелсіздіктің таңсәрі шағында-ақ Қазақстанның даусы барлық көпжақты форумдарда естіле бастады. Кеңестік кезеңде Қазақстанда дипломатия іс жүзінде болмаған да еді. Республикалық СІМ тек консулдық және хаттамалық шараларды ғана атқаратын. Тәуелсіз мемлекеттің Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның Сыртқы саясат тұжырымдамасының негізгі қырларын талдап-жасау барысында ең алдымен Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты іргелі еңбегінде баяндалған қағидаттар мен міндеттерге арқа сүйеді, ол стратегияда Президент елдің сыртқы саясатының бағыттарын да айқындап берген болатын.

– Асқар тау алыстаған сайын асқақтайды дейді ғой. Таяудағы уақытқа дейін сіз Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің Бас директоры, Қарусыздану жөніндегі конференцияның Бас хатшысы болдыңыз. Осынау аса беделді ұйымның биігінен қарағанда біздің Президенттің тұлғасы қалай көрінеді екен?

– БҰҰ-ның бұрынғы қызметкері ретінде айтарым – біздің басшымыз әлемдік қоғамдастықта шынайы құрмет пен беделге ие, оны жаһандық ауқымдағы саясаткер деп санайды. Бұл хаттаманың қатып қалған қасаң сөзі емес.

1991 жылдың өзінде Президент Семей ядролық полигонын жабу жөніндегі атақты Жарлығына қол қойды, одан кейін Қазақстан Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа, Ядролық қаруды сынақтан өткізуге жаппай тыйым салу жөніндегі шартқа қосылды, Президенттің бастамасы бойынша Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құрылды. Жыл сайын 29 тамызда, полигонды жабу жөніндегі Жарлыққа қол қойылған күні БҰҰ Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күнін атап өтеді.

Вашингтон, Сеул, Гаага саммиттерінде біздің Президентті жаһандық антиядролық қозғалыстың лидері деп атады. Мұндай құрмет бүгінгі заманның бірде бір саясаткеріне көрсетілген емес.

1992 жылы Елбасы Біріккен Ұлттар Ұйымында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру туралы бастама көтерді. Ал таяуда Шанхайда АӨСШК-нің 4-ші саммиті табысты өткізілді.

Президенттің бастамасы бойынша БҰҰ-да мәдениеттер мен өркениеттер жақындасуы жөнінде қарар қабылданды.

Біздің Елбасымызды әлемдік экономиканың көкейкесті мәселелері бойынша сарапшы ретінде де бағалайды, онымен мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары кеңесіп, ақылдасып отырады.

ТМД-ның негізін қалаушы және Еуразиялық экономикалық одақты құрудың бастамашысы ретінде Президент интеграцияның кәміл сенімді жақтаушысы болып табылады. Қазақстан мемлекеті басшысының бітімгершілік күш-жігері жұмсалмағанда ТМД-да 90-шы жылдардың басында Балкан түбегіндегі жағдай қайталануы мүмкін екендігі бүгінде жұрттың бәрі мойындайтын жай. Елбасымыздың Қырғызстандағы дағдарысты ретке келтіру жөніндегі араағайындық күш-жігері БҰҰ мен ЕҚЫҰ-да жоғары бағаланды. Қазақстанның дауысы Украина дағдарысы кезінде де салмақты естілді, сондықтан да Гаага саммиті барысында Нұрсұлтан Әбішұлы ең сұранысқа ие саясаткер болып шықты.

Мен мынаған сенімдімін: қазіргі әлемде тәжірибесі, мәселені кеңінен қамтуы, ерік-жігері, даналығы жөнінен Қазақстан Президентіне теңесетін саясаткер жоқ.

Халықаралық аренадан Тэтчер, Миттеран, Коль, Ли Куан Ю кеткелі бері көптеген мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары саяси технологиялардың арқасында танымалдыққа ие болды, тіпті, «пиар-президент» деген термин де шықты. Ал Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің есімін ақпараттық дәуір орнағанға дейін-ақ орнықтырған. Сындарлы әрі жауапты мемлекеттік қайраткер ретінде әрекет еткендіктен де ол өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында-ақ кеңестен кейінгі кеңістіктегі ең елеулі және беделді саясаткер болып алған еді.

– Әрине, Елбасы қызметі тақырыбын бір әңгімеде толық қамту мүмкін емес. Сондықтан сізге әңгіменізге рахмет айтып, сұхбатты түйіндеуді сұрауға мәжбүрмін. Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев біз үшін қандай қасиеттерімен қымбат?

– Президенттің тарихи еңбегі халықтың менталитетін нарықтық экономиканың, бүгінгі заманның басқа да құндылықтарының бағытына бұрып бере алғандығында. Ең бір қиын жылдарда «Болашақ» бағдарламасы іске қосылып, ол 10 мың жас қазақстандықтың шетелдердегі ең таңдаулы жоғары оқу орындарында білім алып, елдің басқарушы активінің белсенді бөлігіне айналуына мүмкіндік берді. Барлық облыстарда зияткерлік мектептер ашылған, әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орны – Назарбаев Университет табысты жұмыс істеп тұр. Қазақстандық мәдениет, медицина, жоғары жетістіктер спорты жаңа серпін алды.

Күні кеше ғана, тәуелсіздіктің табалдырығында тұрғанымызда Президент ереуілге шыққан жұмысшыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелерін шешумен жүретін, ал бүгінде индустриялық-инновациялық бағдарламаның екінші кезеңіне кірісіп жатырмыз, ол бағдарлама жан-жақты есептелген, қаржы ресурстарымен қуатталған және халықаралық институттар тарапынан қолдау тапқан. Кейінгі жылдарға дейін ауылшаруашылық өндірушілері мұқтаждықтан көз ашпайтын, ал бүгінде олар мемлекеттен қыруар көмек алады. Бір кезде Қазақстан шетелден несие сұрап жүретін, ал бүгінде өзі кедей елдерге көмек көрсетеді. Мемлекеттік құрылыстың ең бір қиын жылдарында біз бір кезде Қазақстан елге 70 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестициялар тартады, оның валюталық резервтері 105 миллиард долларға жетеді, шағын және орта бизнесті қолдауға мемлекет қосымша 1 триллион теңге немесе 5,5 миллиард доллар бөледі деп ойлай алар ма едік? Қазақстан табысының мұндай мысалдары көп-ақ. Мұның бәрі біздің Елбасымыздың даусыз еңбегі.

Бірақ, бұл айтқанымыз «ұлттың ұлы ұмтылысының» бастауы ғана. Алыстағы 2050 жылға көз тіге отырып, Елбасы Қазақстанның ең озық дамыған елдердің алғашқы тобына кіруі жөніндегі стратегиялық міндетті алға қойды, осы мақсат үшін экономика мен мемлекеттік аппаратты одан әрі реформалауды, елді әлемдік жаңа шындық-болмыстарға бейімдеуді міндеттеді, оларды жеделдетілген ғылыми-техникалық прогресс пен халықаралық қатынастардың бұрын-соңды болып көрмеген өзгеріске түсуі айқындайтын болады.

Президенттің мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған бүкіл қызметі елді өңірлік державалар қатарына қосты және ең озық дамыған отыз мемлекеттің ішіне кіру міндетін алға қоюға мүмкіндік берді. Ал бұл – адам айтқысыз қиын міндет. Сондықтан да Президент әбден әділ түрде ескертіп отыр: ешқандай жағдайда да босаңсуға болмайды, табыстан басымыз айналмауы керек, шешілмеген мәселелермен шұғылдануға тиіспіз, бізді алда жаңа қиындықтар мен қауіп-қатерлер тосып тұр, оларды еңсеру үшін барлық қазақстандықтар, ең алдымен Үкімет, Парламент, әкімдер көп жұмыс істеуі қажет.

Өзінің Жолдауында Президент уақыттың елеулі сын-қатерлері жайында айтты, алдан шығатын қауіптер жөнінде ескертті. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бүгінгі кезге дейін Елбасымыздың ұстанатын қағидаты: халыққа тек қана шындықты айту, уәде бергеннің бәрін орындау.

Сондықтан да халқымыз Нұрсұлтан Әбішұлын Елбасы деп атайды. Бұл сөзде оның біздің мемлекетіміз үшін атқарған барша ісіне халықтың шынайы алғыс сезімі жатыр.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Елбасылығы – аса күрделі геосаяси жағдайдағы, әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстардың аясындағы табысқа жетудің шежіресі, бұл Қазақстан Барысының кешегі заманнан жаңа тарихи дәуірге бір-ақ ырғып секіруі.

Халық өз болашағын Елбасының есімімен, оның елге ерен басшылығымен байланыстырады. Елбасы өзінің күрделі жолын жағдаяттардың арқасында емес, қайта солармен қасарыса қарсыласа жүріп өтті. Әрбір лидер сияқты, оған да жападан жалғыз қалуға да тура келді. Бірақ ол бәрімен ерегесе тұрып, алға ұмтылды, тарихи шешімдер қабылдап, олардың орындалуына қол жеткізді. Ол халқын өз соңынан ерте білді және осынау қақтығысқа толы, болжаусыз әлемде халқына жол сілтеумен келеді.

Президент Мәңгілік Елдің халық тілеп жүрген, көкейкесті тұжырымдамасын жария етті.

Бірақ Мәңгілік Ел тұжырымдамасын Елбасының мәңгілік есімінсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Қазақстанда басқа Елбасы болмақ емес.

Біз, Елбасының замандастары және тәуелсіз Қазақстанды құрудың куәгерлері, мемлекетіміздің, әлемдік қоғамдастық табысты ел және маңызды халықаралық ойыншы ретінде мойындаған мемлекетіміздің негізін қалаушы нақ Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екенін білуге және дәйім есте ұстауға тиіспіз.

Нұрсұлтан Әбішұлының біздің мемлекетімізді өркендеген мемлекетке айналдыру және оған осынау алмағайып дүниеде лайықты орын алып беру жолында қандайлық қажыр-қайрат танытатынын бір адамдай білетіндіктен де мен Елбасымыздың есімі ұлттық тарихқа да, әлемдік жылнамаға да мүмкін еместі мүмкін ете алған ұлы Президент ретінде енетініне сенемін.

– Әңгіменіз үшін рахмет.

Сұхбаттасқан
Сауытбек АБДРАХМАНОВ.